

**Шалқар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 174 "2024-2026 жылдарға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 15 наурыздағы № 213 шешімі

Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 174 "2024-2026 жылдарға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 9-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының "2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:";

1– тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2024-2026 жылдарға арналған Жаңақоныс ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2024 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 54387,2 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 3397,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 143,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 50847,2 мың теңге;

2) шығындар – 54749,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

қаржы активтерін сатып алудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 361,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 361,8 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімдері – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 361,8 мың теңге.";

5 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. 2024 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен 50784,2 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферт сомасын бөлу Жаңақоныс ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1–қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық  
мәслихатының төрағасы

С. Бигеев

Шалқар аудандық  
мәслихатының 2024 жылғы  
15 наурыздағы № 213 шешіміне  
қосымша

Шалқар аудандық  
мәслихатының 2023 жылғы  
29 желтоқсандағы № 174  
шешіміне 1 қосымша

## 2024 жылға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджеті

Санаты	Сыныбы			Сомасы, мың теңге
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			І.Кірістер	54387,2
1			Салықтық түсімдер	3397,0
	01		Табыс салығы	20,0
		2	Жеке табыс салығы	20,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	2877,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	18,0
		3	Жер салығы	1,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2600,0
		5	Бірыңғай жер салығы	258,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	500,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	500,0
2			Салықтық емес түсімдер	143,0

	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	143,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	143,0
4			Трансферттердің түсімдері	50847,2
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	50847,2
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	50847,2
II. Шығындар				54749,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	38556,2
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	38556,2
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	38556,2
			001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	38256,2
			022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	300,0
05			Денсаулық сақтау	20,0
	9		Денсаулық сақтау саласындағы	20,0

			өзге де қызметтер	
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	20,0
			002 Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	20,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	16172,2
	3		Елді-мекендерді көркейту	16172,2
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	16172,2
			008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1132,2
			009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	600,0
			011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	14440,0
15			Трансферттер	0,6
	1		Трансферттер	0,6
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,6

			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,6
				III. Бюджет тапшылығы (профициті)	-361,8
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	361,8
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	361,8
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	361,8
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	361,8